

Оспанов Ерболат Берікұлының «Х.А. Алпысбаевтың ғылыми ізденістеріндегі Қазақстанның тас ғасыры» тақырыбындағы 6D020800 – Археология және этнология Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы жөнінде отандық ғылыми кеңесшісі, т.ғ.д., академик Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлының

ПІКІРІ

Қазақстан территориясы Еуразия кеңістігіндегі ежелгі адамдардың қоныстануы мен таралуының бір аймағы болып табылады. Тас дәуіріндегі өмір сүрген ежелгі ата-бабаларымыздың қалдырған мәдениеті біздің еліміздің құнды төл мәдениетіміз болып табылады. Сондай тарихи-мәдени ошақтарының іздері Қазақстан жерінде де орын тепкен.

Тас ғасыры археологиясы өзінің ізденістері мен зерттеу тәсілдерімен ерекшеленеді. Осындай мәдениет ескерткіштерін отандық және бұрынғы кеңестік дәуір ғалымдары мен қазіргі кездегі шетелдік ғалымдардың зерттеулері ғылымға қосқан өзінің үлкен үлесі мен маңыздылығымен ерекшеленеді. Солардың қатарында Марғұлан Ә.Х., Деревянко А.П., Медоев А.Г., Петрин В.Т., Коробкова Г.Ф., Черников С.С., Зайберт В.Ф., Таймағамбетов Ж.К., Логвин В., Зенин А.Н., Чиндин А.Ю., Плещаков А.А., Артюхова О.А., Мерц В.К. және т.б. ғалымдар бар. Осындай ғалымдармен байланыста, іргелес ғылыми жұмыстар жасаған тарих ғылымдарының кандидаты Х.А. Алпысбаевтың ғылыми ізденістері мен еңбектерінің маңызы зор. Ғалым Қазақстан палеолитін зерттеудің іргетасын қалады десе де болады. Алғашқылардың бірі болып Қазақстанның тас ғасыры ескерткіштері мен мәдениеттерін зерттеген ғалымдарымыздың бірі.

Осы тұстан алғанда диссертант Оспанов Ерболат Берікұлының докторлық диссертациясының тақырыбы ұтымды алынған және мазмұны тақырыпты ашу мақсатына сай құрылған.

Толық аяқталған еңбекте Х.А. Алпысбаевтың өмірбаяны мен ғылыми дара жолдары және ғылыми ой-пікірлернің қалыптасу жолдары баяндалады. Қазақстанның тас ғасыры ескерткіштерінің пайда болуы, ежелгі адамдардың осы территорияларда қоныстануы мен даму эволюциясы, тас дәуірі мәдениеттерінің ерекшеліктеріне назар аударып өзінің ғылыми тұжырымдары мен ой-пікірлерін қалдырған ғалым. Диссертанттың жұмысында ғалымның кандидаттық ғылыми дәрежесін алуда тәжірибелік ғылыми жұмыстар атқарған мәселелері де қамтылған.

Сонымен қатар Х.А. Алпысбаев тек тас ғасырын зерттеуші емес, сонымен қатар, ғалым жартас суреттерін зерттеумен айналысқан қырынан да танымал еді. Хасан Алпысбаевтың еңбектері мен зерттеулері, өзінің

Қазақстанның тас ғасыры ескерткіштерінің даму жолдары туралы ойлары қазіргі таңда да ғылымда өз маңыздылығын жоғалтқан жоқ.

Оспанов Ерболат Берікұлының диссертациясы кіріспеден, 3 тарау мен тараушалардан, қортынды, пайдаланған әдебиеттер мен қосымшалардан тұрады. Диссертанттың жұмыс бойынша мақсат пен міндеттеріне толық жеткендігі, оның өзінді ғылыми көзқарасының қалыптасқандығы және Х.А. Алпысбаевтың Қазақстан ғана емес дүниежүзілік тас ғасыры археологиясында алатын орны мен ғылыми сіңірген еңбегін ашып көрсете білгендігі көрініп тұр.

Жұмыс жоғарғы ғылыми дәрежеде орындалған, толық аяқталған жұмыс болып табылады. Ерболат Берікұлы диссертация тақырыбы аясында 10 ғылыми мақаланы отандық және шетелдік басылымдарда, ҚР Бақылау Комитетімен бекітілген журналдарда, ғылыми халықаралық конференциялардың жинақтарында және 1 мақаласын импакт-факторлық Scopus базасында тіркелген журналда жариялаған.

Оспанов Ерболат Берікұлының 6D020800 – Археология және этнология Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін таңдалып алынған диссертациялық жұмысы өзінің ғылыми бағыты, жоспары мен мазмұны мамандығына толықтай сай келіп тұр.

Жалпы алғанда Оспанов Ерболат Берікұлының «Х.А.Алпысбаевтың ғылыми ізденістеріндегі Қазақстанның тас ғасыры» тақырыбындағы 6D020800 – Археология және этнология Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы талаптарға сай орындалған толыққанды еңбек. Сондықтан Ерболат Берікұлының ғылыми жұмысын Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға жіберуге лайық деп санаймын.

Ғылыми кеңесшісі,
тарих ғылымдарының
докторы, академик



Таймағамбетов

Таймағамбетов Ж.К.